**Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1098 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 қаңтарда № 12953 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 48) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 ( алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, Көліктегі ішкі істер департаменттерінің бастықтары осы бұйрықты ішкі істер органдары жеке құрамының зерделеуін қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті ( И.В. Лепеха) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жолдауды ;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетіне (И.В. Лепеха) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*
*полиция генерал-полковнигі* *Қ. Қасымов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
____________ А.Б. Сәрінжіпов
2015 жылғы "___" ___________

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 1098 бұйрығымен
бекітілген

**Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар):

1) ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының (бұдан әрі - КТІ УПИ) қызметін ұйымдастыру тәртібін;

2) білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында құқық бұзушылықтар профилактикасын ұйымдастыруды;

3) аумақтық ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ІІО) бөлінісін кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөліністерінің жұмысын ұйымдастыруды;

4) кәмелетке толмағандармен жұмысты ұйымдастыруды;

5) КТІ УПИ-дің ІІО қызметтерімен кәмелетке толмағандар арсындағы құқық бұзушылықтар профилактикасы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасу тәртібін айқындайды.

2. КТІ УПИ аумақтық ІІО-ның кәмелетке толмағандармен жұмыс жөніндегі өкілдері болып табылады, олар өз құзыреті шегінде міндеттерді орындайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Әкімшілік учаске – қалалық, аудандық ішкі істер органы (бұдан әрі - қалалық, аудандық орган) бастығының (оның міндетін атқаратын адам) бұйрығымен КТІ УПИ бекітілетін қалалық немесе ауылдық жердің аумағы. Әкімшілік учаске шекарасының өлшемдерін қалалық, аудандық орган бастығы айқындайды.

Көліктегі ІІО-да әкімшілік учаскенің шекаралары көлік объектілеріне тікелей жақын жерде орналасқан станциялардың, аялдама пункттерінің, елді мекендердің және тұрғын алаптарының санына, жолаушылар және жүк тасымалдарының қарқындылығына байланысты белгіленеді және көліктегі ІІО бастығының бұйрығымен бекітіледі. Көліктегі ІІО-да КТІ УПИ функцияларын көліктегі құқық бұзушылықтардың профилактикасы жөніндегі инспектор жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Әкімшілік учаскеге қалалық, аудандық орган (Көліктегі ІІО) бастығының (оның міндетін атқаратын адам) бұйрығымен реттік нөмір беріледі. Жаңадан тағайындалған КТІ УПИ-дің әкімшілік учаскені қабылдауы аудандық қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі ( қалалық, қаладағы аудандық) (қалалық, аудандық, көліктегі ІІО қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі (бөлімі)) бастығының немесе оның орынбасарының қатысуымен жүргізіледі. Әкімшілік учаскені қабылдау және тапсыру фактісі туралы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әкімшілік учаскенің паспортында тиісті жазба жүргізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 ( алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. КТІ УПИ қызметте ұзақ уақыт болмаған кезеңде (30 жұмыс күнінен астам) әкімшілік учаскеге (білім беру ұйымына) қалалық, аудандық орган бастығының (оның міндетін атқаратын адамның) бұйрығы негізінде әкімшілік учаскеге іргелес орналасқан КТІ УПИ қызмет көрсетеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. КТІ УПИ ІІО учаскелік полиция пункттерінің кабинеттеріне орналасады.

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөліністер бір ғимаратта не ІІО әкімшілік ғимаратына тікелей жақын орналасқан, телефон және радио байланыспен қамтамасыз етілген, кәмелетке толмағандармен жұмыс істеуге арналған үй-жайларда орналасады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. КТІБ УПИ жұмысын ұйымдастыру тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. КТІ УПИ-ға жалпы басшылықты кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөліністің (бұдан әрі – КТІБ) бастығы жүзеге асырады, ол әкімшілік учаскеге бекітілмейді. Көрсетілген лауазым жоқ және КТІБ УПИ саны 7 бірліктен аспайтын ІІО-да КТІБ учаскелік аға инспекторы да әкімшілік учаскеге бекітілмейді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. КТІ УПИ өзінің жұмысын КТІБ жұмыс жоспарларына сәйкес ұйымдастырады. Жоспарланған іс-шаралар, қалалық, аудандық орган басшылығынан алынған тапсырмалар туралы жұмыс дәптеріне күн сайын жазба жүргізеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. КТІ УПИ:

1) кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға, зерделеуге, жоюға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырады;

2) құқық бұзушылық жасауға бейім кәмелетке толмағандарды, тәрбиелеу бойынша міндеттерін орындамайтын ата-аналарды немесе заңды өкілдерін анықтайды және оларды профилактикалық есепке және бақылауға қояды;

3) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасы бойынша мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады;

4) учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтар профилактикасына, жасөспірімдер арасындағы қадағалаусыздық пен панасыз қалуға байланысты мәселелер бойынша тұрғындармен кездесуге қатысады;

5) арнайы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарға қатысты, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) қарау бойынша өздерінің міндеттерін орындамайтын не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналарға немесе заңды өкілдеріне қатысты ата-аналық құқығынан айыруға не шектеу қоюға арналған материалдарды дайындауға қатысады;

6) жазаларға және қоғамнан оқшаулауға байланысты емес қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларына сотталған кәмелетке толмағандардың өмір сүру салтын және мінез-құлқын бақылауды қамтамасыз етуде пробация қызметіне көмек көрсетеді;

7) ҚАПб(Б) бастығының орынбасары бекіткен кестеге сәйкес азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады;

8) ІІО үшін қызығушылық тудыратын адамдар және фактілер туралы маңызды ақпараттар жинақтауды жүзеге асырады, бұл туралы баянатпен ІІО басшылығын немесе ІІО тиісті бөліністерін дереу ақпараттандырады. Басшылықтың бұрыштамасы бар баянаттың көшірмесі және олар бойынша тексеру нәтижелері жинақтау ісінде тігіледі.

9) азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғайды;

10) құқыққа қарсы қолсұғушылықтардан, оқиғалардан және жазатайым оқиғалардан зардап шеккен, сондай-ақ көмекке мұқтаж не олардың өміріне және денсаулығына қауіпті өзге де жай-күйдегі жеке тұлғаларға көмек көрсетеді;

11) әкімшілік құқық бұзушылықты анықтайды және жолын кеседі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндірісті жүзеге асырады;

12) адамның қадір-қасиетін және қоғамдық өнегені қорлайтын мас күйде қоғамдық орындарда жүрген ата-ананы немесе заңды өкілдерді немесе кәмелетке толмағанды медициналық ұйымдарға немесе ішкі істер органдарына жеткізеді;

13) үш жастан он сегіз жасқа дейін қадағалаусыз және қараусыз қалған балаларды, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметі барысында ұсталған ата-ананың немесе заңды

өкілдерінің қамқорлығынсыз қалған балаларды уақытша орналастыру мүмкін болмаған жағдайда ерекше режимде ұсталатын білім беру ұйымдарына, Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына (бұдан әрі – КТБО) және Арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарына (бұдан әрі –БҚО) жеткізеді;

14) қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстайды;

14-1) "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 60-бабына сәйкес осы Қадидалардың 2-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қорғау нұсқамасын шығарады;

15) қылмыстық теріс қылықтар бойынша сотқа дейінгі өндірісті жүзеге асырады;

16) жеке және заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды, құқыққа қарсы әрекеттерді тоқтатуды талап етеді, осы талаптар орындалмаған жағдайда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолданады;

17) жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттарын тексереді;

18) өндірістегі материалдар мен істер бойынша жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін ІІО-ға шақыруға, олардан түсініктемелер және айғақтар, құжаттар, олардың көшірмелерін алады, ол келмеген жағдайда, белгіленген тәртіпте еріксіз келтіртеді;

19) жеке және заңды тұлғаларға орындау үшін міндетті ұйғарымдар, қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсынымдар шығарады;

20) материалдық шығын келтірілген жағдайда оны Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіпте өтей отырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасауда күдікті адамдардың ізіне түсу, төтенше немесе әскери жағдайдың әрекет етуі кезінде, әскери қақтығыс жағдайларында, төтенше жағдайларды жою кезінде оқиға орнына бару, егер уақытты созу адамдардың өмірі мен денсаулығына шынайы қатер тудыратын болса, медициналық ұйымдарға шұғыл медициналық көмекке мұқтаж адамдарды жеткізу үшін көліктің кез келген түрін (дипломатиялық иммунитетке ие шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің көлік құралдарынан басқа) пайдаланады;

21) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықты жасау фактілерін және ІІО қызметкерлерінің іс-қимылын тіркеу үшін техникалық құралдарды пайдаланады;

22) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін адамдарды ІІО-ға жеткізеді;

23) қару-жарақты, оқ-дәрілерді, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды, сондай-ақ тыйым салынған өзге де заттарды алады;

24) қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық жасауда күдіктілерді, жеке тұлғаның қауіпсіздігіне қатер төндіретін не онда әкімшілік және құқық бұзушылық жасалғандығы немесе жасалып жатқандығы, жазатайым жағдай орын алғандығы, дүлей зілзалалар, апаттар, эпидемия, эпизоотия және жаппай тәртіпсіздіктер кезінде жеке тұлғалардың жеке қауіпсіздігін және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін

жеткілікті деректер болған кезде тұрғын үй мен өзге де үй-жайларға, аумаққа және жер учаскелеріне (дипломатиялық иммунитетке ие шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар өкілдіктерінен басқа) кедергісіз кіреді;

25) егер олардың болуы баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін болса, жеке тұлғалардың баспаналарға кіруге немесе онда болуға шектеу қояды, уақытша тыйым салады;

26) профилактикалық есепте тұратын адамдарды криминалистикалық есепке қою үшін ІІО-ға жеткізеді, суретке түсіреді, дактилоскопиядан өткізеді, дыбыс, кино-бейне түсірілім жүргізеді;

27) КТІБ қызметін жариялау үшін бұқаралық ақпарат құралдарын тартады;

28) жекелеген деректерді жинақтауды және өңдеуді жүзеге асырады;

29) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.02.2026 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

11. Көліктегі құқық бұзушылықтардың профилактикасы жөніндегі инспектор осы Қағидалардың 10-тармағының талаптарымен қатар:

1) өз бетімен отбасынан, білім беру ұйымдарынан кетіп қалған балаларды анықтайды және оларды ата-аналарына тапсырады не бұл туралы үш жұмыс күні ішінде олардың тұрғылықты жері бойынша КТІБ-ні ақпараттандыра отырып, КТБО-ға не БҚО-ға жібереді;

2) көлік объектілерінде балалардың жарақаттануын, поездардың қауіпсіз қозғалысына қол сұғатын құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша іс-шаралар жүргізеді;

3) көлік объектілеріне іргелес елді мекендерде тұратын кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасын ұйымдастыруда ІІО-ға көмек көрсетеді.

Көлік объектілерінде кәмелетке толмағандар қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда, оларды тұрғылықты жерлері бойынша ІІО есебіне қою үшін үш жұмыс күні ішінде аумақтық КТІБ-ге хабарлайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. КТІ УПИ кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар профилактикасына, балалардың қадағалаусыздығына және қараусыздығына байланысты емес міндеттерді орындау үшін пайдалануға жол берілмейді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. КТІБ жұмысының қортындылары ай сайын қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің (бөлімінің) бастығымен, тоқсан сайын ҚАПб(Б) бастығының орынбасарымен, көліктегі полиция органының бастығы немесе олардың орынбасарларымен қаралады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. ҚАПб(Б) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі (бөлімінің), көліктегі ІІО әкімшілік полиция органының бастығы немесе олардың орынбасарлары тоқсанына кемінде бір рет КТІБ, сондай-ақ көліктегі құқық бұзушылықтардың алдын алу инспекторларының жұмысын ұйымдастыруды тексереді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында құқық бұзушылықтар профилактикасын ұйымдастыру

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. КТІ УПИ-дің білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы жұмысы білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырылады.

Оқу жылына әкімшілік учаскеде орналасқан білім беру ұйымдарында профилактикалық іс-шараларды өткізу кестесі жасалады, оны қалалық, аудандық орган бастығының орынбасары бекітеді және білім беру ұйымының басшыларымен келісіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Білім алушылар тарапынан қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалған кезде білім беру ұйымының Профилактика жөніндегі кеңесінің отырысын өткізуге дереу бастамашылық етеді. Отырыстың нәтижелері бойынша заңнамада көзделген ден қоюдың тиісті шаралары әзірленеді.

19. Білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасы мақсатында КТІ УПИ:

1) кәмелетке толмағандарды, олардың ата-аналарын және басқа да заңды өкілдерін құқықтық тәрбиелеуде білім беру органдарына көмек көрсетеді;

2) білім беру ұйымдары білім алушыларының қадағалаусыз қалуына, құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де әрекеттер жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтайды;

3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, қараусыз қалуы, құқық бұзушылықтары туралы және қоғамға жат іс-әрекеттері, оған итермелейтін себептер мен жағдайлар туралы мүдделі органдар мен мекемелерді хабардар етеді;

4) құқық қорғау бағытындағы балалар қозғалысының жұмысына көмек көрсетеді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 4-тарау. Аумақтық ІІО КТІБ жұмысын ұйымдастыру

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Аумақтық ІІО КТІБ КТІ УПИ қызметін үйлестіруді және бақылауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Аумақтық ІІО КТІБ-ға:

1) кәмелетке толмағандар жасаған және оларға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар, олардың қатысуымен болған өзге де оқиғалар бойынша жиынтық

ақпараттарды күн сайын талдау жүргізу, оларды жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау;

2) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының жай-күйіне, құрылымы мен динамикасына ай сайын талдау жүргізу;

3) кәмелетке толмағандар арасындағы жедел ахуалды талдауды ескере отырып, КТІБ жұмыс жоспарын тоқсан сайын жасау, жоспарланған іс-шаралардың орындалуын, КТІБ қызметінің нәтижелері туралы есептің дайындалуын бақылау жүктеледі.

КТІБ жұмыс жоспарында орындалу мерзімін және аяқталу нысанын көрсете отырып:

кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасы мәселелері бойынша мемлекеттік, өңірлік бағдарламаларда, Полиция департаментінің ( бұдан әрі – ПД), Көліктегі полиция департаментінің (бұдан әрі – КПД) жоспарларында, нұсқауларында, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алқасы шешімдерінде (бұдан әрі – ІІМ) жоспарланған;

кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтарды, қадағалаусыздықты және панасыз қалушылықты анықтау және жолын кесу бойынша;

құқыққа қайшы мінез-құлқы бар кәмелетке толмағандарды, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) қарау бойынша өздерінің міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-аналарын немесе заңды өкілдерін, сондай-ақ құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы әрекеттер жасауға тартатын адамдарды анықтау және оларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке тарту шараларын қабылдау бойынша;

кәмелетке толмағандармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу бойынша;

білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында профилактикалық жұмыс жүргізу бойынша;

КТІ УПИ кәсіби даярлығын арттыру бойынша;

кәмелетке толмағандардар арасында құқық бұзушылықтар профилактикасына бағытталған өзге де іс-шаралар көрсетіледі.

4) балаларды тәрбиелеу, оқыту, құқықтарын, мүдделерін қорғаумен, олардың бос уақытын ұйымдастырумен айналысатын мемлекеттік органдармен, мемлекеттік емес және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асыру;

5) жарты жылдың қорытындысы бойынша Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға, білім беру басқармасына (бөліміне) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, балалар

қадағалаусыздығының және панасыз қалушылығының жай-күйі, қабылданып жатқан шаралар, сондай-ақ оларды жетілдіру бойынша проблемалық мәселелер туралы ақпараттандыру;

6) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәмелетке толмағандар жасаған және оларға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды, сондай-ақ олардың қатысуымен жасалған оқиғаларды есепке алудың электрондық журналын Excel форматында жүргізу;

7) ай сайын білім басқармасына (бөліміне) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған білім беру ұйымдары білім алушыларының тізімін жолдау;

8) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасына, балалардың қадағалаусыздығы мен панасыздығының алдын алуға бағытталған жедел-профилактикалық және өзге де іс-шаралар жүргізу;

9) ай сайын білім басқармасымен (бөлімімен) бірге білім беру ұйымдарына себепсіз бармайтын кәмелетке толмағандар бойынша салыстыра тексеру жүргізу;

10) ІІО-да ай сайын, ПД-де тоқсан сайын криминалдық полиция, тергеу және анықтау, сондай-ақ тоқсан сайын ІІО-да есепте тұрған кәмелетке толмағандарға қатысты пробация, ақпараттандыру және байланыс бөліністерімен салыстыра тексеру жүргізу;

11) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасы мәселелері бойынша ІІО, ПД, КПД және басқа да мемлекеттік органдармен және мемлекеттік емес органдармен және ұйымдармен кеңестерде қарау үшін қажетті материалдар дайындау;

12) кәмелетке толмағандар жасаған не оларға қатысты жасалған құқық бұзушылықтардың себептері мен жағдайларын жою бойынша ұсынымдар енгізу;

13) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, сондай-ақ балалардың қадағалаусыздығының және панасыздығының алдын алу бойынша жұмыстың оң тәжірибелерін зерделеу, жалпылау және практикаға енгізу;

14) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыруда әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

15) инспекторлық тексерістер жүргізуге, КТІ УПИ жұмысын зерделеу үшін ІІО бөліністеріне бақылау, кешенді тексерістер және өзге де шығулар жүргізуге, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасын нақты орындауын қамтамасыз етуге қатысу;

16) кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша қызметтік тексерулер жүргізу.

Қызметтік тексерулерді ПД қоғамдық қауіпсіздік басқармасы қызметкерлері және ПД, КПД әкімшілік полиция басқармалары (бұдан әрі – ӘПБ) кәмелетке толмағандар бандитизм, кісі өлтіру, қарақшылық, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, зорлау жасағанда, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтарды ІІО есебінде тұрған кәмелетке толмағандар жасаған кезде, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты

жасалған аса ауыр қылмыстар, көлік объектілерінде олардың қатысуымен болған жазатайым оқиғалар және өзге де оқиғалар бойынша жүргізеді.

Кәмелетке толмағанға қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде, сондай-ақ суицид, жазатайым жағдай және олардың қатысуымен болған өзге де оқиғалар кезінде еркін түрде анықтама жасалады.

Қызметтік тексеру қорытындыларының көшірмелері қоғамдық қауіпсіздік бөлінісіне, көліктегі ІІО, ПД қоғамдық қауіпсіздік басқармасына, КПД ӘПБ қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген сәттен бастап 15 жұмыс күні ішінде, Қазақстан Республикасы ІІМ Әкімшілік полиция комитетіне (бұдан әрі – Комитет) бір ай ішінде ұсынылады;";

17) проблемалық мәселелерді және оларды шешу жолдарын көрсете отырып, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар және қадағалаусыздық профилактикасы бойынша жұмыс туралы баяндау жазбаларды жартыжылдықтың қорытындылары бойынша ПД қоғамдық қауіпсіздік басқармасына, КПД ӘПБ 5 күніне, ал ПД қоғамдық қауіпсіздік басқармасы және КПД ӘПБ Комитетке 7 күніне жолдайды.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 ( алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 28.02.2026 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 5-тарау. Кәмелетке толмағандармен жұмысты ұйымдастыру

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Кәмелетке толмағандар ІІО жеткізілген кезде КТІ УПИ:

1) кәмелетке толмағанның жеке басын, оны сипаттайтын деректерді оның ата-анасын немесе заңды өкілдері туралы мәліметтерді, жасөспірімді тәрбиелеу жағдайларын, құқық бұзушылықты, оқиғаны жасаудың себептері мен жағдайларды анықтау;

кәмелетке толмағанға теріс әсер ететін, оны құқық бұзушылық жасауға тартатын адамдарды анықтау, кәмелетке толмағанға сатуға тыйым салынған заттарды сататын орындарды анықтау мақсатында кәмелетке толмағаннан жауап алады.

Жауап алу кәмелетке толмағанның ата-анасының немесе заңды өкілдерінің қатысуымен өткізіледі;

2) ІІО ведомстволық есептері бойынша, қажет болған жағдайда психоневрологиялық не психиатриялық мекемелердің есептері бойынша тексереді;

3) кәмелетке толмағанның алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мас жағдайда екеніне жеткілікті негіздер болғанда оны медициналық куәландыруға жібереді;

4) сипатты дене жарақаттары не болмаса сырқат белгілері бар кәмелетке толмағандарды денсаулық сақтау ұйымдарына жібереді;

5) кәмелетке толмағанды ата-анасына немесе заңды өкілдеріне беру мүмкін болмаған жағдайда осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәмелетке толмағанды КТБО-ға, БҚО-ға орналастыру туралы қаулы шығарады.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.02.2026 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

25. Тастанды немесе адасып кеткен балаларға қатысты адасып кеткен (тастанды) балаларды жеткізу туралы акті осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш данада жасалады.

Актінің бірінші данасы "Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу, Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9744 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ІІО ақпараттарды есепке алу кітабында тіркеледі, екіншісі КТБО-ға , БҚО-ға не өзге білім беру немесе денсаулық сақтау ұйымдарына жіберіледі және үшіншісі номенклатуралық іске тігіледі.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 28.02.2026 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. ІІО-ның қызмет көрсету аумағынан тыс тұратын кәмелетке толмағанды құқық бұзушылық жасағаны, қадағалаусыздығы және қараусыздығы үшін жеткізген кезде КТІ УПИ, көліктегі құқық бұзушылықтардың профилактикасы жөніндегі инспектор кәмелетке толмағанның тұрғылықты жері бойынша ІІО-ға үш жұмыс күні ішінде осы туралы ақпарат жолдайды. Жолданған ақпараттың көшірмесі жинақтау ісіне тігіледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Профилактикалық есеп және бақылау:

1) бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған;

2) қылмыстық жауапкершілік басталатын жасқа жетпеуіне байланысты қылмыстық жауапкершілікке жатпайтын қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін қамтитын теріс қылықтар жасаған;

3) оларға қатысты қамауға алумен байланысты емес бұлтартпау шаралары таңдалған, қылмыстық құқық бұзушылық жасауда айыпталушы немесе күдікті;

4) оларға қатысты бос уақытын шектеу және мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу туралы шешім қабылданған;

5) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен босатылған;

6) арнайы білім беру ұйымдарының және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарының түлектеріне;

7) қорғау нұсқамасы шығарылған;

8) қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жаза немесе қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шаралары қолданылған;

9) қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін сотталған және тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдана отырып, сотпен жазадан босатылған;

10) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12)-тармақтары немесе 36-бабы негізінде, оның ішінде рақымшылық немесе кешірім жасау актісі нәтижесінде қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан босатылған;

11) адамның психикалық және тәндік функциялары мен мінез-құлқына теріс әсер ететін алкогольдік ішімдіктерді, есірткі заттарын, психотроптық заттарды, сол тектестерді және өзге де күшті әсер ететін заттарды шамадан тыс пайдаланатын;

12) қадағалаусыз және панасыз қалған;

13) психикалық бұзылумен байланысты емес, психикалық дамуы артта қалуы салдарынан қылмыстық жауапкершілікке жатпайтын қылмыстық белгілерді қамтитын әрекеттер жасаған кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылады.

Сондай-ақ профилактикалық есепке алу және бақылау кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) қарау бойынша өздерінің міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне қатысты қолданылады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.02.2026 № 146 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Профилактикалық есепке алуды жүргізу осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша профилактика жүргізілетін адамдар санатымен айқындалады.

Профилактикалық есепке қойған кезде кәмелетке толмағанға, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) күтіп-бағу бойынша өз міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке

толмағандардың ата-аналарына, заңды өкілдеріне оның құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылығы түсіндіріледі.

Профилактикалық есепке алуда қамтылған мәліметтер құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі міндеттерді шешу шегінде ғана пайдаланылуы мүмкін.

Кәмелетке толмағандарды, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және ( немесе) күтіп-бағу бойынша өз міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналарды, заңды өкілдерді профилактикалық есепке алу тұлғаның жеке ерекшеліктері, оның қоғамға жат мінез-құлқының сипаты мен дәрежесі, ол жасаған іс-әрекеттің (әрекеттің немесе әрекетсіздіктің) қауіптілігі ескеріле отырып ішкі істер органы басшысының немесе оның орынбасарының шешімімен ұзартылады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.02.2026 № 146 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға қатысты жеке профилактика жүргізу тәртібі "Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 622 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9839 болып тіркелген) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

30. Кәмелетке толмағандарға қатысты профилактикалық бақылау осы Қағидаларға 11-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке профилактикалық жұмыс жоспарына ( бұдан әрі — Жоспар) сәйкес жүзеге асырылады.

Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) қарау жөніндегі міндеттерін орындамайтын не тиісінше орындамайтын, сондай-ақ олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналарға немесе заңды өкілдерге қатысты профилактикалық бақылау осы Қағидаларға 12-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке профилактикалық жұмыстың жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Жоспарлар профилактикалық есепке қойылған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде жасалады және ішкі істер органы бастығы немесе оның орынбасары бекітеді.

Профилактикалық есепте тұрған адамдармен жүргізілетін жеке профилактикалық жұмыстың барысын бақылауды ішкі істер органы бастығының орынбасары (қызметі бойынша) жүзеге асырады, ол профилактикалық бақылауды жүргізілуін тоқсан сайын тексереді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.02.2026 № 146 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген әрбір адамға, 27-тармағының 1) тармақшаны қоспағанда, осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оларға қатысты жеке профилактика шаралары қолданылатын адамдарға жинақтау ісі басталады.

Осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жеке профилактика шаралары қолданылатын адамдар туралы мәліметтер оларды ішкі істер органдарының профилактикалық есебіне қоюға негіз болып табылатын материалдар түскен сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интеграцияланған деректер банкіне (бұдан әрі — ІІМ ИДБ) енгізіледі.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.02.2026 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Кәмелетке толмаған ІІО-ға бірнеше санат бойынша қойылуға жатқызылған жағдайларда, КТІ УПИ оларды есепке алуды анағұрлым маңызды санат бойынша жүзеге асырады. Санаттың маңыздылығы осы Қағидалардың 27-тармағының иерархияларына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.02.2026 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. КТІ УПИ кәмелетке толмағанды ІІО есебіне қою және шығару туралы:

кәмелетке толмағанның ата-анасын немесе заңды өкілдерін;

кәмелетке толмағанның оқу және (немесе) жұмыс орны бойынша әкімшілікке үш жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Егер ІІО-да есепте тұрған адам қаланың (облыстың) басқа ауданына немесе басқа өңірге тұрақты тұруға көшкен жағдайда, онда ол көшкеннен кейін үш жұмыс күні ішінде таңдаған тұрғылықты жері бойынша ІІО-ға оның келгені туралы растауды алу үшін сұрау салу жолданады.

Адамның көрсетілген тұрғылықты жеріне келгені туралы растауды алғаннан кейін, тиісті ІІО-ға жүргізілген профилактикалық жұмыстың материалдары жолданады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 18.08.2022 № 687 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Осы Қағидалардың 27-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 8), 9), 10), 11)-тармақшаларында көрсетілген адамдарды ІІО есебіне қойғаннан кейін үш тәулік ішінде, ІІО кеңсесі арқылы криминалдық полиция бөліністеріне жедел бақылауды қамтамасыз ету үшін осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепке қойылғаны туралы баянаттың көшірмесі, шолу анықтама жолданады.

ІІО есебінен адамды шығару туралы ақпарат криминалдық полиция бөліністеріне тәулік ішінде жолданады.

Ескерту. 34-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 28.02.2026 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. ІІО-ға есепке қойылған және одан шығарылған адамдар туралы мәліметтер ІІМ БДБ-ға енгізіледі.

36. Растайтын материалдар ұсынылғаннан кейін ІІО-ға есепке қою немесе есептен шығару (кәмелетке толмағандарды, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және ( немесе) бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-анасын, заңды өкілдерін ) туралы КТІ УПИ баянатына қалалық, аудандық орган бастығының орынбасары бұрыштама қояды. Көрсетілген басшылар тоқсанына кемінде бір рет ІІО есептерін жүргізу тәртібін тексеруге, тексерушілер парағына жазба жазуға міндетті.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 ( алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 7-тарау. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар профилактикасы мәселелері бойынша ІІО қызметтерімен КТІ УПИ-дің өзара іс-қимыл жасасу тәртібі

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Кәмелетке толмағандар арасында профилактикалық жұмысты ұйымдастыру мақсатында КТІ УПИ криминалдық полиция, ұйымдасқан қылмысқа, экстремизмге, есірткі бизнесіне қарсы күрес, тергеу (анықтау) және қылмыстық-атқару жүйесі бөліністерімен өзара іс-қимыл жасасады.

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар профилактикасы мәселелері бойынша КТІ УПИ көмек көрсету үшін:

1) криминалдық полиция, ұйымдасқан қылмысқа және экстремизмге қарсы күрес бөліністерімен бірлесіп:

кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды, оның ішінде ұйымдасқан қылмыстық топтарға немесе қылмыстық қауымдастықтарға, радикалды діни ағымдарға, экстремистік және террористік топтарға кіретін кәмелетке толмағандарды анықтайды, олардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу бойынша шаралар қабылдайды;

кәмелетке толмағандарды қылмыстық құқық бұзушылықтар, қоғамға қарсы әрекеттер жасауға және (немесе) қылмыстық топқа, радикалды діни ағымдарға, экстремистік және террористік топтарға тартатын адамдарды анықтайды және оларға заңнамада көзделген ықпал ету шараларын қабылдайды;

қызмет көрсететін аймағында кәмелетке толмағандар, ІІО есепте тұрған кәмелетке толмағандар жиналатын орындарды жедел қамтуды қамтамасыз етеді;

кәмелетке толмағандарды қайта бағдарлау және бөлектеп жіберу бойынша шаралар қабылдайды, жасөспірімдерге бейресми көшбасшылар, оның ішінде қылмыстық тәжірибесі бар ересек адамдар тарапынан теріс әсер ету фактілерін анықтайды және жолын кеседі;

хабарсыз кеткен, анықтау, тергеу немесе сот органдарынан жасырынып жүрген, жазасын өтеуден немесе тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларынан жалтарып жүрген, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінен қашып кеткен немесе отбасынан, сондай-ақ білім беру ұйымдарынан өз бетімен кетіп қалған кәмелетке толмағандарды іздестіруді жүзеге асырады;

кәмелетке толмағандардың, ата-аналардың немесе заңды өкілдердің құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар жүргізуге қатысады;

кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар профилактикасы бойынша жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізуге қатысады.

2) тергеу (анықтау) бөліністері:

тергеушінің өндірісіндегі материалдар бойынша ІІО есепте тұрған кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылық жасау фактісі анықталған жағдайда үш тәулік ішінде КТІБ және пробация қызметіне хабарлайды, қажет болған жағдайда кәмелетке толмағанның жинақтау (профилактикалық, бақылау) ісіндегі материалдардың көшірмесін сұратады;

ІІО есепке қою үшін КТІБ және криминалдық полиция бөлінісіне үш тәулік ішінде оларға қатысты қамауға алумен байланысты емес бұлтартпау шарасы таңдалған, қылмыстық құқық бұзушылық жасауда күдікті кәмелетке толмағандар, ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершілік басталатын жасқа жетпеуіне байланысты қылмыстық қудалау тоқтатылған кәмелетке толмағандар туралы жазбаша түрде хабарлайды;

